

2022 жылғы ақпанның 15 күні Нұр-Сұлтан қаласы Білім беруді жаңғырту орталығының ұйымдастыруымен «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша жиынтық бағалауды құрастыру жолдары» тақырыбында қалалық оқыту семинары өткізілді. Семинар мақсаты: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен жиынтық бағалауды құрастыру бойынша мұғалімдердің озық тәжірибесімен бөлісу. Оқыту семинары ZOOM платформасында әдіскер Жанар Сейдахметқызының жетекшілігімен жүргізілді. Іс-шараға қала мектептерінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері қатысты. Осы семинарға біздің мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Кусаинова Назгуль Ермековна «Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларын құрастыру алгоритмі» тақырыбында сөйледі. Тапсырма құрастырудың нақты кезеңдеріне тоқтала отыра, өз тәжірибесімен бөлісті. Тілдік төрт дағдыға негізделген тапсырманы қалай құрастыруға болады, қандай құжаттарды негізге аламыз, жас ерекшелері мен ерекше жағдайдағы балаларға қалай жиынтық бағалау тапсырмасын құруға болатыны жайлы ақпарат берді. Биылғы оқу жылындағы тоқсандық жиынтық бағалаудағы өзгерістерге әріптестердің назарын аударды.



**«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНІ БОЙЫНША  
ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫ ҚҰРАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ»  
/ОҚЫТУ СЕМИНАРЫ/**

	<b>ИЛЬЯСОВА ЛЯЗЗАТ БАҚТЫБАЙҚЫЗЫ</b> №48 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	
	<b>ТОЛЕУБАЕВА САМАЛ ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ</b> №86 мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	<b>15.02.2022 ж. 16.00</b>
	<b>КУСАИНОВА НАЗГУЛЬ ЕРМЕКОВНА</b> №62 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі	<b>Модератор: Ж. Маманова БЖО әдіскері</b>

Активация Windows  
Чтобы активировать Windows, перейдите на [www.microsoft.com/activation](#)